

Ғылыми-техникалық жобаның атауы:

BR22885692 «Өнімділік бағыты әртүрлі қойлардың генетикалық ресурстарын жетілдіру, сақтау және тиімді пайдалану үшін заманауи селекциялық-технологиялық және молекулалық-генетикалық әдістерді әзірлеу»

Ғылыми зерттеулер 2024–2026 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындау бойынша бірлескен қызмет туралы 2025 жылғы 11 сәуірдегі №10 шартқа сәйкес, 267 «Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасы және 101 «Ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру» кіші бағдарламасы аясында жүргізілуде.

ҒТЖ үйлестірушісі: «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті».

Тапсырыс беруші: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі.

2024-2026 жылдарға арналған қаржыландыру көлемі: 60,0 млн теңге.

2024–2026 жылдарға күтілетін нәтижелер:

1-іс-шара. Отандық және шетелдік генофонд әлеуетін пайдалана отырып, өнімділік бағыты әртүрлі қойлардың жаңа жоғары өнімді генотиптерін қалыптастыру және жаңа селекциялық жетістіктерді апробациялау.

Ордабасын тұқымды қойлардың селекциялық табындарының (кемінде 200 бас) өнімділік деңгейі мен сапалық көрсеткіштері анықталады. Қаракөл қойларын түсі мен смушкалық типтері бойынша тиімді жұптау нұсқалары әзірленіп, қалаулы типтердің оңтайлы параметрлеріне сәйкес селекциялық табындарға іріктеу жүргізіледі.

Ордабасын және қаракөл тұқымды қойлардың өнімділігі мен ерте жетілуі бойынша сызықтық малдардың (кемінде 200 бас) селекциялық параметрлері анықталып, жоғары құнды генотиптер пайдаланылады.

Өсу қарқыны мен ерте жетілуі жоғары, етті-майлы бағыттағы жаңа тұқымдық тип (кемінде 1200 бас) шығарылады. Сұр түсті және әртүрлі смушкалық типтегі қаракөл қойларының арнайы желілері қалыптастырылады. Бір селекциялық жетістікке өтінім беру жоспарланған.

2-іс-шара. Гетерозис әсерін барынша арттыру үшін қойларды өнеркәсіптік будандастырудың тиімді тәсілдерін әзірлеу.

Ордабасын және қаракөл тұқымды аналықтарды жайдары тұқымды қошқарлармен (200 бас) тұқымаралық будандастыру жүргізіледі.

Таза тұқымды төлдердің (50 тоқты, 50 қошқар) және будандардың (50 тоқты, 50 қошқар) өсу кезеңдері бойынша өнімділік ерекшеліктері, өсуі мен дамуы зерттеледі.

Гетерозис әсерін барынша қамтамасыз ететін қойларды өнеркәсіптік будандастыру әдісі әзірленеді.

2024–2025 жылдардағы зерттеу нәтижелері:

1-іс-шара. Ордабасын және қаракөл тұқымды қой төлдерінің өсуі, дамуы және өнімділік қасиеттері зерттелді. Ордабасын қозыларының тірілей салмағы туу кезінде және енесінен айыру кезеңінде қаракөл қозыларымен салыстырғанда жоғары екені анықталды. Ең жоғары тірілей салмақ пен сойыс көрсеткіштері ордабасын тұқымын таза өсіру жағдайында алынды. Жайдары қошқарларымен кіріспе будандастыру ет өнімділігін және рентабельділікті төмендететіні анықталды.

Қаракөл тұқымы бойынша смушкалық типтердің шығымы мен қозылардың түсі жағынан айырмашылықтар байқалды; элита + I класс қозылардың ең жоғары шығымы (85,6-88,5%) өзбекстандық популяцияның сұр қошқарларын жакеттік типтегі қара аналықтарда пайдалану кезінде алынды. Қозы етін өткізуден алынған рентабельділік деңгейі ордабасын тұқымында – 28,2%, қаракөл тұқымында – 20,7% құрады. Алынған нәтижелер базалық шаруашылықтардағы селекциялық-технологиялық іс-шараларды түзетуге негіз болды.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес ордабасын және қаракөл тұқымды қойлардың өнімділігін арттыру мен өнім сапасын жақсартуға бағытталған селекциялық-технологиялық жұмыстардың бағыттары нақтыланып, оңтайландырылды.

2-іс-шара. Қойларды өнеркәсіптік будандастырудың тиімді тәсілдері мен қозыларды өсіру, жайып семірту және бордақылаудың қарқынды технологиясы әзірленді, бұл қозы етінің өнімділігі мен өндіріс рентабельділігін арттыруға мүмкіндік берді. Ордабасын тұқымын таза өсіру арқылы алынған қозылардың өсу қарқыны, азықты тиімді пайдалану қабілеті, сойыс шығымы және рентабельділік деңгейі будан және қаракөл қозыларымен салыстырғанда жоғары екені анықталды. Қозылардың қарқынды өсу кезеңі елеулі физиологиялық жүктемелермен сипатталады, ал салмақ қосымына шаққандағы ең төмен азық шығыны таза тұқымды ордабасын қозыларында тіркелді. Кондициясы төмен қозыларды қосымша азықтандыру арқылы өсіру экономикалық тиімділікті арттырғанымен, олардың өсу қарқыны мен рентабельділік көрсеткіштері кондициялы қозылардан төмен болып қалды.